КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАУЛЫ

2026 жылғы 10 наурыз №7199-26-00-2а/1277 Астана қаласы

Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында төрағалық етуші судья А.К.Кәрімова,
прокурор Р.Т.Байзульдинованың,
талап қоюшының өкілі А.Б.Керимкуловтың мобильді бейнеконференцбайланысы арқылы қатысуымен ашық сот отырысында Астана қаласы әкімдігінің «№10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Спорт мектебі) «ASTANA PRIDE» дара кәсіпкеріне (бұдан әрі – ДК) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы бойынша қабылданған Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 5 қыркүйектегі шешіміне жауапкердің апелляциялық шағымымен түскен электрондық азаматтық істі қарап,

## АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, одан 61 865,70 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Іс оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралған.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 5 қыркүйектегі шешімімен талап қою қанағаттандырылған, «ASTANA PRIDE» ДК мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылған, «ASTANA PRIDE» ДК-нен Астана қаласы әкімдігінің «№10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кірісіне 61 865 теңге өндірілген, «ASTANA PRIDE» ДК-нен мемлекет кірісіне 3 822 теңге мемлекеттік баж өндірілген.

Жауапкер апелляциялық шағымында сот актісінің заңсыздығы мен негізсіздігін көрсетіп, сот шешімнің күшін жоюды, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген жауапкердің өкілі белгіленген уақытта онлайн сот отырысына белгісіз себептермен қосылмады. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 418-бабының 2-бөлігіне сәйкес, бұл жағдай сот алқасының істі келмеген тараптың қатысуынсыз қарауына кедергі болмайды.

Талап қоюшы өкілінің апелляциялық шағымға қарсылығын, сот шешімі өзгеріссіз қалдырылуға жатады деген прокурордың қорытындысын тыңдап, іс материалдарын зерделеп, шағымның дәлелдерін талқылап, алқа келесі түйінге келді.

АПК-нің 427-бабының 1-бөлігімен апелляциялық тәртіпте сот шешімінің күшін жою не оны өзгерту үшін негіз болатын заң бұзушылықтар көзделген.

Бірінші сатыдағы сот іс бойынша процестік заңнамада көрсетілген бұзушылықтарға жол бермеген.

Іс материалдарынан көрініп тұрғандай, құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы 2025 жылғы 26 маусымдағы №61

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



шарттың (бұдан әрі – шарт) талаптары бойынша «ASTANA PRIDE» ДК (мердігер/орындаушы) құны 4 758 900 теңгені құрайтын малярлық және онымен байланысты сырлау жұмыстарын шартқа қол қойылған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылғы 16 шілдеге дейін орындауға, ал Спорт мектебі тапсырыс беруші ретінде орындалған жұмысты қабылдап, төлем жүргізуге міндеттенген.

Шарттың 9.1-тармағында оның 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін жарамды екені көрсетілген.

Талап қоюшы талап қоюына негіз ретінде жауапкердің шарт бойынша белгіленген мерзімде өз міндеттемелерін орындамағанын көрсеткен.

Бірінші сатыдағы сот анықтағандай және іс материалдарымен бекітілгендей, жауапкер техникалық ерекшелікке сәйкес келетін жұмысты орындамаған, тараптардың арасында қол қойылған актісі жоқ, бұл «goszakup.gov.kz» порталынан алынған скриншотпен расталады және шарттың орындалғанын растайтын дәлелдемелердің жоқ екенін куәландырады, осылайша жауапкер шарттың 2.1., 4.1. тармақтарын бұзған.

Жауапкер шартқа қол қойған кезде осы шарттың жұмыстарға қойылатын техникалық ерекшелікке (шартқа №2 қосымша) қатысты өз келісімін берген, тиісінше осы бөліктегі апелляциялық шағымда көрсетілген дәлелдері негізсіз, сондықтан сот алқасы осы дәлелдерді назарға алмайды.

Тапсырыс беруші 2025 жылғы 28 қыркүйекте шартты біржақты тәртіппен бұзған, жауапкер оның осы әрекетін заңда белгіленген тәртіппен дауламаған және сот заңсыз деп танымаған.

Баяндалған мән-жайлар жауапкердің іс-әрекеттерінде жосықсыздық белгілері байқалатынын куәландырады және оның міндеттемелерді орындамағаны үшін кінәсін теріске шығаратын дәлелдер сотқа ұсынылмаған.

Талап қоюшы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағында белгіленген сотқа жүгіну мерзімін сақтаған.

Талап қоюшы үшін туындаған жағымсыз салдар шарт жасасу кезінде күтілетін жұмыстарды белгіленген мерзімде орындалмағанынан байқалады, сондықтан апелляциялық шағымның осыған қатысты дәлелдері негізсіз болып табылады.

Сот «ASTANA PRIDE» ДК мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану кезінде Заңның 8-бабы 4-тармағының талаптарын дұрыс басшылыққа алған.

Сот талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюын шешу кезінде шарттың 8.3-тармағын дұрыс қолданған, өндіріп алынатын соманың мөлшерін 61 865 теңге дұрыс айқындаған (4 758 900 х 0,1% х кешіктірілген 13 күнге).

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін азайтуға немесе жауапкерді оны төлеу міндетінен босатуға негіздер жоқ, өйткені ол шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған.

Шағымда көрсетілген жауапкердің дәлелдері бірінші сатыдағы сотта қаралып, оларға тиісті құқықтық баға берілген. Сот алқасы соттың осы түйіндерімен келіседі.

Жауапкер апелляциялық шағымында іс үшін маңызы бар жаңа дәлелдемелер келтірмеген.

Құжатқа қол қойылған: Каримова А. К., 17.03.2026

7199-26-3-2/1283

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Бірінші сатыдағы сот істі қарау барысында материалдық және процестік заң нормаларын бұзбаған, тараптардың дәлелдерін толығымен тексерген және оларға дұрыс баға берген.

Сот шығыстары АПК-нің 117-бабы 1-бөлігінің талаптары сақтала отырып өндірілген.

Баяндалғандардың негізінде сот алқасы дауланып отырған шешімнің күшін жою не оны өзгерту үшін негіздер жоқ деген түйінге келеді.

АПК-нің 424-бабы 1-бөлігінің 1) тармақшасын басшылыққа алып, сот алқасы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Осы іс бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 5 қыркүйектегі шешімі өзгеріссіз, жауапкердің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

АПК-нің 434-бабы 2-бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес қаулы кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайды.

Төрағалық етуші А.Кәрімова

Құжатқа қол қойылған: Каримова А. К., 17.03.2026

7199-26-3-2/1283

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



# ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

**I.** Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?

*ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.*

**II.** Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

**III.** Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:

- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

**IV.** Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

**Бенефициары:** «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

**БСН:** 981140001115

**ЖСК:** KZ24070105KSN0000000

**Бенефициар банкі:** «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

**БСК:** KKMFKZ2A

**Салық органының коды:** 6203

**БСК 108126** - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911

Құжатқа қол қойылған: Каримова А. К., 17.03.2026

7199-26-3-2/1283

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

**ШЕШІМ**
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН**

2025 жылғы 05 қыркүйек №7119-25-00-2/9110 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Астана қаласы әкімдігінің «№10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«ASTANA PRIDE» жеке кәсіпкері

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабының талаптары бойынша міндеттеме шарттың талаптарына және заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

Азаматтық кодекстің 273-бабына сәйкес, заңда немесе шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттемені бұзу деп оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (уақтылы, міндеттеменің мазмұнымен айқындалатын шарттарды бұза отырып) түсіндіріледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабының 9-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелер тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша толық орындаған жағдайда орындалды деп танылады.

Өнім беруші шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші:

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



1) осындай өнім берушіні осы Заңда айқындалған тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу;

2) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Нормативтік қаулысының 8-тармағына сай мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

АК-нің 359 -бабына сай борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Заңдарда немесе шартта жауапкершіліктің және одан босатылудың өзге негіздері ескерілуі мүмкін.

Тараптардың құқықтық қатынастары 2025 жылғы 26 маусымдағы №61мемлекеттік қызметтерді сатып алу туралы шартпен (бұдан әрі – Шарт) айқындалады. Аталған Шарт 2025 жылғы 11 маусымдағы № 14846508-ОК1

Құжатқа қол қойылған: Шамшиддин Т., 10.02.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



«Ашық конкурс» тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алулардың қорытындылары негізінде жасалған, оған сәйкес жауапкер жалпы сомасы 4 758 900 теңгеге малярлық және онымен байланысты сырлау жұмыстарын орындауға міндеттенген.

Жұмыстарды орындау мерзімі – шартқа қол қойылған күннен бастап 20 күнтізбелік күн.

Шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленген.

Шарттың 4.1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Мердігер/Орындаушы Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерді толық әрі тиісінше орындауға міндетті.

Шарттың техникалық ерекшелігінде келесі талап қойылған: бетті 2 қабатпен бояу келесі мөлшер белгіленген:

- Киінетін бөлме (1) - 234 м2. - Киінетін бөлме (2) - 112 м2. – Киім ауыстыратын бөлме (3) - 124,3 м2. - Киім ауыстыратын бөлме (4) - 141,3 м2. - Киінетін бөлме (5) - 212 м2. - Киінетін бөлме (6) - 239 м2. - Киінетін бөлме (7) -194 м2 . - Киім ауыстыратын бөлме (8) - 164,5 м2. - Киім ауыстыратын бөлме (9) -111 м2. - киім ауыстыратын бөлме (9) дәліз - 96,4 м2. - Мұз айдыны – 2200 м2. - Спорт залы - 487 м2. - Хореография – 119 м2. - Фойе = баспалдақ (қабырға, төбе). - 278,8 м2. - Баспалдақ (оң қанат) қабырғалары-төбе. - 155 м2. - 1-қабат дәлізі (қабырға-төбе). - 1027 м2. - 2-қабат дәлізі (қабырға-төбе). – 906 м2. жалпы көлемі – 6801,3 м2.

Барлық киім ауыстыратын бөлмелерде еденнен 1,70 ұзындығы 78 метр декоративті панельді желіммен қаптау немесе анкерлік болттармен күшейтілген. - 132,6 м2.

Төбедегі және қабырғалардағы жарықтардың кеңеюі. Шыны талшықты тормен күшейту Гипс полимерлі қосылыстармен туралау - 600 м2.

Мердігерге қойылатын талаптар:

• шартқа қол қойылған күннен бастап жұмыс мерзімі Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 күннен аспайды;

• шартқа қол қойғаннан кейін 3 күнтізбелік күн ішінде жөндеу жұмыстарының кестесін ұсыну және Тапсырыс берушімен келісу (жұмыс түрлері, жұмыс кестесі, орындалу уақыты, жұмысшылар саны және т.б.);

• Тапсырыс берушінің талабы бойынша жұмыстың барысы туралы есеп беруге;

• Тапсырыс берушінің талабы бойынша пайдаланылатын материалдар мен жабдықтардың сапалық сипаттамаларын растайтын құжаттарды ұсынуға;

• Тапсырыс берушіге тиесілі мүлік бүлінген жағдайда зиянның барлық салдарын өз есебінен жоюға,

• Жұмысты орындау кезінде пайдаланылмаған жаңа материалдарды пайдалану керек. Құрылыс материалының әрбір партиясы үшін Мердігер тиісті құжаттарды: шығу тегі, сапасы, сәйкестік сертификаттарын ұсынуы керек. Материалдар мен орындалған жұмыстарға кепілдік мерзімі жұмыстың аяқталуы туралы актіге қол қойылған күннен бастап кемінде 12 айды құрайды.

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 10.02.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Аталған міндеттемелер мен талаптар бұзылған. Осыған байланысты жауапкерге 2025 жылғы 28 шілдеге дейін Шартты орындау туралы 2025 жылғы 18 шілдеде хабарлама жіберілген.

2025 жылғы 29 тамызда Шарт біржақты тәртіппен бұзылды, алайда тапсырыс берушінің бұл әрекеті дауланған жоқ.

Кодекстің 359-бабына сай, егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға өз еркімен қатысты, өз бағасын ұсынды және бұл жағдайда шартпен және техникалық ерекшеліктерімен келісті.

Заңның 8-бабы 5-тармағына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады, атап айтқанда өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілер тізілімге енгізіледі.

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 % артық болмауы тиіс.

Мерзімі өткен 13 күн үшін, тұрақсыздық айыбы 61 865,70 теңгені құрайды. Есеп дұрыс және дауланған жоқ.

Жауапкерге азаматтық істі қозғау, оны өндіріске жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен қабылдап алу туралы ұйғарымы және хабарландыру сот кабинеті арқылы жіберілген, алайда өз уәждері мен дәлелдемелерін ол уақытында ұсынбаған, бұл оның процессуалдық әрекетсіздігі болып табылады.

Жауапкердің Шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін тиісінше орындамаған және бұл тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарларды туындады.

Осыған орай, талап қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, келтірілген сот шығындары талап арыздыңанағаттандырылған бөлігі мөлшерінде өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Шамшиддин Т., 10.02.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Астана қаласы әкімдігінің «№10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «ASTANA PRIDE» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы – қанағаттандырылсын.

«ASTANA PRIDE» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ASTANA PRIDE» жеке кәсіпкерінен Астана қаласы әкімдігінің «№10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 61 865 (алпыс бір мың сегіз жүз алпыс бес) теңге өндірілсін .

«ASTANA PRIDE» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 3 822 (үш мың сегіз жүз жиырма екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

**Судья** **Т.Шамшильдин**

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 10.02.2026